**«Бекітілді»**
Мектеп-лицей директоры
_________ Али Тор
«31» тамыз 2021 ж.

**«Келісілді»**
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_________ А.А.Гусейнов
«31» тамыз 2021 ж.

# «SILK WAY мектеп-лицей» мекемесінің 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары

**Атырау қаласы**

# Жоғары сынып тәрбие жұмысының тақырыбы:

*«Құндылықтарға негізділген білім – сапалы тәрбие тетігі»*

## *I. Мақсаты*

Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру, ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез-құлықтардың алдын алу.

## *II. Міндеттері:*

1.Отанының тағдыры үшін жауапты, белсенді азаматтық позициясы бар Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын қалыптастыру және дамыту.

2. Тұлғаның құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

3. Балалар мен оқушы жастарда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие,қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру.

4.Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту.

5. Оқушы жастар арасында әлеуметтік жетімдік, бейәлеуметтік мінез-құлық және идеологиялық экстремизм, нашақорлықты тарату және басқа да келеңсіз құбылыстарды жеңуде қажет шарттарды қамтамасыз ету.

## *III. Нәтиже*

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт- дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді.Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан- жақты дамытуға тырысу,өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

**Мақсаты:**

***Сынып жетекшілер:***

- «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытуды түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

- «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасының мәнін және оны сынып тәжірибесінде қолдану әдістемесін жетілдіру;
- Оқыту жүйесінің жаңа тәсілдері негізінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын қолдану дағдысын арттыру;
- Сабақта интерактивті тақтаны, электрондық оқулықтар мен электрондық дидактикалық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқушының тақырыпты түсіну деңгейін арттыру;
- Оқушыны интернет желісі мен ұялы телефонның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз бетімен қосымша білім алуға дағдыландыру;

***Оқушы:***

- Оқушылардың патриоттық және азаматтық сана, адамгершілік, толеранттылық, жалпы мәдени, салауатты өмір салтын, шығармашылық қабілетін іске асырудың жоғары деңгейін қалыптастыру;
- Оқушыларда адамдарға қатысты адамгершілік тәрбие,қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын басқа этностар мен этникалық топтар мәдениеті мен дәстүріне құрмет, ұлттық мұраға бейімдеу, толеранттылық сана, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру білігін қалыптастыру негізінде ұлтаралық қатынастар мәдениетін арттыру;
- Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде ана тілі, мәдениеті, дәстүрі және басқа да құндылықтар арқылы отбасы рөлін күшейту;
- Оқушының құқықтық санасын, саяси белсенділігін, құқықтық мәдениетін қалыптастыру;
- Оқушылардың ұлттық тәрбие жүйесін дамыту және жаңғырту, девиантты мінез- құлықтардың алдын алу;
- Оқушыларды өздерінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалауға үйрету;
- Оқушыларды сыни ойлауға, еркін сөйлеуге, өз білімін көрсетуге дағдыландыру;

## Күтілетін нәтижелер:

***Мұғалім:***

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын оқушылармен және ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

***Оқушы:***

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт- дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді.

Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан- жақты дамытуға тырысу,өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бетбұрыс жасайды.

## Осы тақырыптан, мақсаттан туындайтын 2021 - 2022 оқу жылындағы кураторлардың міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын(2007ж.27шілде), (2015ж. 24.11. өзгерістер мен толтырулар)Қазақстан Республикасының Тіл туралы (1997ж.11 шілде) заңдарын, 2013ж. 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім туралы стандартын және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын, 12 жылдық білім беруге көшу туралы нұскауларын және ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 10 қосымша нысанын басшылыққа ала отырып жұмыс жасау;

2. «2021-2022 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері» туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алу. «Мәңгілік ел» құндылықтарын бағдарлау;

3. Оқушылардың білім деңгейінің оқу бағдарламасы мен мемлекеттік білім стандарты талаптарына сай болуы;

4. Жоспарлауды тоқсан сайын ұйымдастыру.

5. Ашық тәрбие сағаттарын өткізіп, тәжірибе алмасу.

6. Әр құндылық айында тәрбие сағаттарын және іс-шара өткізу.

7. Кураторлардың көмегімен шебер кластар, коучингтер, тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу.

# Жоғары сынып жетекшілерінің функционалдық міндеттері

| Р/с | Жұмыс түрлері | Мерзімі | Жауапты адамдар |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау,оны талқылау | қыркүйек | Гусейнов А., Нысанбаев Е. |
| 2 | Сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарына қатысып, пікір алмасу | Оқу жылы ішінде | Гусейнов А. |
| 3 | Барлық сыныптарда тәрбие жұмысының қорытындысын шығарып отыру | Жартыжылдық сайын | Гусейнов А. және сынып жетекшілер |
| 4 | Сынып жетекшілердің тәжірибе алмасу семинар-тренингтері | Тоқсандық каникул сайын | Гусейнов А. |
| 5 | Мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру | Оқу жылы ішінде | Гусейнов А., Бекзатова Л. |
| 6 | Мұғалімдер күні | қазан | Гусейнов А., Тәжибаева П. |
| 7 | Мұғалімдердің ТАТ1 емтиханы | ақпан | мұғалімдер |
| 8 | 8-Наурыз - Халықаралық әйелдер күні | наурыз | Гусейнов А. және сынып жетекшілер |
| 9 | Наурыз мейрамы | наурыз | Гусейнов А. Бекзатова Л. |
| 10 | Сынып жетекшілердің Ақтөбе қаласына тәжірибе алмасу семинар-тренингтері | наурыз | Гусейнов А. |
| 11 | Жомарттық айына киім жинау акциясы | сәуір | Гусейнов А. Парламент |

SILKWAY

# ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| | Құндылық айы | бағыт | апта | Тақырып | Тақырыпшалар | Тәрбие жұмысының бағыттары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Қыркүйек | **ДЕНСАУЛЫҚ** | 1 | *Денсаулық -зор байлық* | Денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру | ***Дене және салауатты өмір салты тәрбиесі*** |
| | | | 2 | *Тазалық - саулық негізі* | Тазалыққа көңіл бөлу, дене тазалығы, жан тазалығы, тазалық түрлері | |
| | | | 3 | *Дені саудың - жаны сау* | Денсаулық күтімі, спорт,дұрыс тамақтану | |
| | | | 4 | *Дұрыс тамақтану* | Тамаққа көңіл бөлу, денсаулыққа пайдалы тағамдар, дәрумендер | |
| **2** | Қазан | **ҚҰРМЕТ** | 1 | *Үлкенге құрмет, кішіге ізет* | Жасы үлкен қарт адамдарды, ұстаздарымызды сыйлау, құрметтеу | ***Рухани-адамгершілік тәрбие*** |
| | | | 2 | *Сыйласаң сыйымды боларсың* | Үлкенге де, кішіге де құрмет, сыйластық білдіре білу, алғыс айту | |
| | | | 3 | *Досқа құрмет* | Өз қатарластарын құрметтей білу | |
| | | | 4 | *Құрметтеймін сізді...* | Үлкендер тарапынан да кішілерге құрмет көрсетілетінін дәріптеу | |
| **3** | Қараша | **АДАЛДЫҚ** | 1 | *Адалдық - ар жолы* | Адалдық ұғымын түсіндіру | ***Рухани-адамгершілік тәрбие*** |
| | | | 2 | *Досыма мен адалмын* | Достарына адал болу, сыныптағы адалдық ұғымы | |
| | | | 3 | *Өтірік өрге баспас* | Шыншыл болуға, адал болуға үйрету | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **4** | Желтоқсан | **ПАТРИОТТЫҚ** | 1 | *Елін сүйген Елбасы* | ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев-тың мемелекет үшін жасаған игі істерімен, жеке бойындағы қасиеттерімен оқушыларды таныстыру | ***Отандық-патриоттық тәрбие*** |
| | | | 2 | *Тәуелсіздік- басты құндылығымыз* | Отансүйгіштік туралы, елі мен жерін сүю, сыйлау,қорғау | |
| | | | 3 | | | |
| | | | 4 | *Ел ертеңімін...* | Еліне адал қызмет етуді үйрету | |
| **5** | Қаңтар | **ТАБАНДЫЛЫҚ** | 1 | *Табандылық -алға қарай ұмтылу* | Білімге ұмтылу, бар күш-жігерін жұмсап, барынша табанды болу, қажымай әрекет ету | ***Рухани-адамгершілік тәрбие*** |
| | | | 2 | *Менің мақсатым және жету жолдары* | Алдына мақсат қоя білуді үйрету және оған жету жолында төзімді болу | |
| | | | 3 | *Сенің қолыңнан келеді* | Оқушылардың өз-өздеріне сенімділігін арттырып, табандылыққа тәрбиелеу | |
| **6** | Ақпан | **КЕМЕЛДЕНУ** | 1 | *Кемелдік кілті* | Жетістікке жету жолдарын түсіндіру | ***Рухани-адамгершілік тәрбие*** |
| | | | 2 | *Білім -инемен құдық қазғандай* | Кемелділік туралы, кемелдену жолдары | |
| | | | 3 | *Кітап -біздің досымыз* | Оқушыларды үздіксіз кітап оқуға баулу | |
| | | | 4 | *Уақыт талабы - жоспар* | Бос уақытты тиімді пайдалану, уақытты басқара білудің маңызы | |
| | | **ҚТАР** | 1 | *Алғысым шексіз...* | Ұлттық танымымызда алғыс айту, білдіру ерекшелігін түсіндіру | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **7** | Наурыз | **ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ** | 2 | *Ұлттық әдет-ғұрпым* | Туған еліміздің, ұлтымыздың әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрімен таныстыру | ***Отбасы - ынтымақтастық тәрбие*** |
| | | | 3 | *Наурыз - жыл басы* | Ұлттық мейрам Наурыз туралы ақпарат беру,шығу тарихы, атап өту дәстүрі | |
| **8** | Сәуір | **ЖОМАРТТЫҚ** | 1 | *Адамның жақсысы- жомарт* | Адамның қоршаған ортаға, ата-анасына, туыстарына, бауырына,достарына деген жақсы көру сезімі, қолында барымен бөлісе білуі | ***Рухани-адамгершілік тәрбие*** |
| | | | 2 | *Мейірімділік -жоғары адамгершіліктің белгісі* | Адамдар бір-біріне жылы сезімін білдіріп, тек жақсылық ойлау, игі істер жасау арқылы мейірімділік таныту | |
| | | | 3 | *Жомарт бергенін айтпас* | Адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық секілді қасиеттер | |
| | | | 4 | *Қайырымдылық -жомарттықтың негізі* | Жария етпей қайырымдылық жасауды үйрету, қайырымдылықтың жақсылығын түсіндіру | |
| **9** | Мамыр | **ДОСТЫҚ** | 1 | *Халықтар достығы* | Халықаралық достық және маңызы | ***Отбасы - ынтымақтастық тәрбие*** |
| | | | 2 | *Достық - татулық бастауы* | Достық және түрлері, адам мен қоғамға пайдалары | |
| | | | 3 | *Ортақ бізге жер шары* | Адамдар арасындағы достықтың пайдасы, көпұлттылық, басқа ұлттарға құрмет | |